

«Бекітілді» _____
МКҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы
№1 педагогикалық кеңесте
29 тамыз 2018 жыл
Шешімі негізінде №75 бұйрық

**2018-2019 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу
бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық перспективалық жоспары
ересектер №2 «Ақ желкен» тобы**

«Бекітілді» _____
 МКҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы
 №1 педагогикалық кеңесте
 29 тамыз 2018 жыл
 Шешімі негізінде №75 бұйрық

Ересектер тобы «Өтпелі» тақырыптар

№	Айлар	Тақырыптар	Апталық тақырыптары
1	Қыркүйек	«Балабақша және отбасы»	1.Балабақша. Білім күні. 2.Отбасы және құндылықтары. 3. Мен адаммын. 4.Табиғат бұрышы.
2	Қазан	«Өсімдіктер әлемі»	1.Гүлдер әлемі (бөлме гүлдері, дала, бақша, дәрілік емдік қасиеттері) 2.Орманда не өседі? (саңырауқұлақтар, жидектер) 3.Ағаштар мен бұталар. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер. 4.Берекелі Алтын күз. (Ас атасы нан)
3	Қараша	«Табиғат әлемі»	1. Құстар біздің досымыз. Қыстайтын, жыл құстары. 2.Үй жануарлары. Өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі. 3. Жабайы жануарлар әлемі. Жануарлар қысқа қалай дайындалады? Әр түрлі мезгілдегі тіршілік кезеңі. 4.Су қойма мекендеушілері.
4	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»	1.Тарихқа саяхат. 2. Менің туған өлкем. 3.Тәуелсіз Қазақстан. 4.Астана -Отанымыздың жүрегі.
5	Қаңтар	«Дені саудың жаны сау»	1. Бәрі мен жайлы. 2.Дұрыс тамақтану. Дәрумендер. 3. Өз-өзінді қорғай біл. 4.Спорт денсаулық кепілі.
6	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	1.Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары) 2. Көліктер. ЖЖЕ-сақта! 3.Электроника әлемі. Байланыс құралдары. 4.Пайдалы қазбалар.
7	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	1. Қазақстан халқының салт-дәстүрлері. 2. Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта. 3.Өнер көзі – халықта (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б) 4. Наурыз келді, табиғат оянды.
8	Сәуір	«Біз еңбекқор баламыз»	1.Мамандықтың бәрі жақсы. 2. Адам және ғарыш. 3. Табиғатты аялайық. 4.Қызықты тәжірибелер.
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	1.Достық біздің тірегіміз (халықтар достығы) 2. Отан қорғаушылар (ҚР әскері) 3. Шөпте не жорғалайды.(жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар) 4. Көңілді жаз

Ересектер тобы 2018 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша және отбасы»

Мақсаты: балалардың балабақша және отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін және отбасы мүшелерін ажырата білуге және оларды жақсы көруге, сыйлауға үйрету.

Міндеттері:

- балабақша мен отбасы мүшелеріне сыйластық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- балабақша мен отбасы туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру;
- балабақша түсініктерін дамыту;
- туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту;

Апта	Тақырып	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері-0,5	Коммуникация-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Сауат ашу негіздері-1 Орыс тілі-1 Ағылшын тілі-1 Драма-0,5	Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Аппликация-1 Музыка-2	Әлеумет-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25
І апта	Балабақша. Білім күні	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Түрлі қарқында бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру жаттығуларын. Желке тұсына допты қойып жүру.Отбасы туралы санамақтар айту. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Бүгілген тізені жоғары көтеріп, жартылай отыруды үйрету..Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру (баспалдақтан абайлап көтерілуді және түсуді, баспалдақ таянышынан ұстауды; есікті тұтқасынан ұстап, ашып, жабу).	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыс және әріп» Мақсаты: Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Жазу кезінде дұрыс отыру, қолды орналастыру ережелерімен таныстыру (дәптер, қарындаш). Қысқа және ұзын таяқшаларды жазу. Штрихтауға үйрету Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: : «Білім еліне саяхат» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін айту, күз айындағы мереке «1 Қыркүйек –Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау. Саяхат жасау арқылы балалардың білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту. Ағылшын тілі Тақырыбы: «Our kindergarden. Education» Мақсаты: Балаларды оқу құралдарының атауларымен , олардың қажеттілігімен таныстыру. Ойлау есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. [1] дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Ұқыптылыққа тазалыққа тәрбиелеу.Жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. Орыс тілі. Тақырыбы: «День знаний-мы будущее ученики» Мақсаты: Ввести в активный словарь детей названия некоторых учебных принадлежностей (тетрадь, ручка, книга,карандаш,пенал) и действия ученика Развивать связную речь, Воспитывать аккуратное отношение к школьным принадлежностям Беседа, фонетические упражнения, введение новых слов, игра «Собери портфель»Составление рассказов о школе, повторение стихотворения о школе, ролевая игра «Школа». Драма Тақырыбы: «Театр әлемінде» Мақсаты: Балаларға театр туралы түсінік беру, қуыршақ театрының түрлерімен таныстыру; балалардың өз ойын айта білуге үйрету, театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; театр өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Математика еліне». Мақсаты: а) балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға біріктіре алуға үйрету; бір жеке затты тауып көрсету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; ә) дәптерде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін арттыру; б) үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді не қоршап тұр?» Мақсаты: «Жансыз табиғат» деген түсінікпен таныстыру, жансыз табиғаттағы заттарды адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Қоршаған табиғатты аялай білуге үйрету. Әлемді өз бетінше тануға деген құштарлықтарын ояту.	Сурет салу Тақырыбы: « Менің балабақшам» Мақсаты: Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, бірнеше қатардан тұратын үйлердің суретін салуға және бояуға үйрету. Аппликация Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарының аттарын атай отырып сипаттауға және оларға ұқыпты қарай білуге баулу; киюдың түрлі тәсілдерін меңгерту; таңдау жасай білуге, ұқыпты жасай білуге үйрету; Мүсіндеу Тақырыбы: «Топтағы ойыншық» Мақсаты: Балаларға өз тобындағы ойыншықтар туралы түсінік бере отырып, өздерінің сүйікті ойыншықтарын мүсіндеуге үйрету. Саусақ моторикасын жақсарту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. 2. Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	Экология негіздері Тақырыбы:«Балабақшам екінші үйім» Мақсаты: балабақша туралы ұғымдарын кеңейту. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін сипаттауын дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, өз балабақшасын құрметтеу Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Өзін–өзі тану әлеміне саяхат» Мақсаты: «Өзін- өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру, өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.

II	апта	Отбасы мен құндылықтары	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің отбасымызда» Мақсаты: Заттарды аттап, заттар арасымен; қолды түрлі қалыпта ұстау; нұсқаушының белгісімен тоқтауды үйрету. Қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттырып балалармен бірлесе ойнау. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің отбасымызда» Мақсаты: Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап, заттар арасымен; адымдап алға қарай жүру; жүгіруді алмастырып жүруге үйрету. Музыка ырғағына 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің отбасымызда» Мақсаты: Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап, заттар арасымен; адымдап алға қарай жүру; жүгіруді алмастырып жүруге үйрету. Музыка ырғағына	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыс және әріп» Мақсаты: Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Жазу кезінде дұрыс отыру, қолды орналастыру ережелерімен таныстыру (дәптер, қарындаш). Қысқа және ұзын таяқшаларды жазу. Штрихтауға үйрету Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің шаңырағым» Мақсаты: Өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. «Менің жанұям» Е.Өтетілеуовтың өлеңін мнемокесте әдісі арқылы жаттату. Ағылшын тілі Тақырыбы: “My family» Мақсаты: Отбасы мүшелері атауларын үйрету. Өз отбасы мүшелерін атай алуға жаттықтыру. Отбасы мүшелеріне деген сүйспеншілікке тәрбиелеу. «My family» тақырыбындағы жаңа лексикалармен таныстыру. Өз жанұясы туралы шағын әңгіме сипаттама жасауды үйрету. Кішігірім мәтін арқылы тыңдау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Орыс тілі. Тақырыбы: «Семья и ее ценности» Мақсаты: Познакомить с новыми словами по теме,вести их в речь детей.Развивать внимание,память.Умение рассказывать о своей семье.Учить детей уважать старших.помогать младшим. Любить и уважать родителей. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Әкесі мен балалары»(әңгімелеу) Л.Толстой Мақсаты: Отбасы туралы, өзі отбасында тұлға екені және отбасын мүшелерінің өз орны ерекше екені туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отгырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, доытыққа тәрбиелеу	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Біз тату-тәтті отбасы» Мақсаты: Кеңістік қатынастарын анықтауға (жоғары-төмен, сол жақта-оң жақта, үстінде-астында, ортасында, арасында) үйрету; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін қалыптастыру; есте сақтау қабілетін дамыту; Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғатта не өзгерді?» Мақсаты: Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге; себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету. Балалардың тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын дамыту, салыстыру, бақылау нәтижелерін бір-бірімен салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу. Құрастыру Тақырыбы:«Менің үйім» Мақсаты: құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, өз үй-іші, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу;	Сурет салу Тақырыбы:«Мен осы үйде тұрамын» Мақсаты: Тұрғын жайлардың құрлымын бере отырып, параллель тік және көлденең сызықтар сызуды үйрету. Көзбен шамалауды және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. шыдымдылыққа тәрбиелеу. (акварель бояуымен) Аппликация Тақырыбы:«Біздің үй» Мақсаты: Балаларға үйдің түрлі болатынын, үшбұрыш пен шаршыдан қарапайым жапсыру әдісін үйрету. Үйлердің түрлерін салыстырып, олардың айырмашылықтарын ажырата білуге баулу. Шатырдың пішінін (трапеция, үшбұрыш) туралы түсініктерін бекіту. Бейнелерді ақ қағаз бетіне орналастырып, әр заттың орнын тауып жапсыруға үйрету. Жасалған еңбегін қосымша бейнелермен толықтыра білу ептілігін, қайшы мен желіммен жұмыстана білуде ұқыптылығы мен жинақылығын дамыту. Мүсіндеу Тақырыбы:«Дастархан жаямыз» (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: Пішіні мен мөлшері жағынан әр түрлі ыдыс аяқтарды (кесе, пиала, ұсақ тәрелке) мүсіндеуді үйрету. Қолдың қимыл - қозғалысын, мүсіндеудің таныс амалдарын қолдануды дамыту. Ермексаздың қажет түстерін іріктеу, мөлшерін бірдей қылып екі немесе үш бөлікке бөлу іскерліктерін дағдыландыру. Шыншылдыққа және тапсырманы ұжыммен орындауға тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Менің туыстарым» Мақсаты:Музыканы ұқыпты тыңдап, түсініктерін айтуды үйрету. Мәтінін жаттап әуенді ұғыну, бірге айту әдетін, дыбыс биіктігін келтіріп айтуды қалыптастыру. Ойынды қимылдар арқылы көрсету, жылдамдықты дамыту. Музыка ырғағын сезініп, әдемі билеуге үйрету. 2. Музыка Тақырыбы: «Менің туыстарым» Мақсаты:Музыканы ұқыпты тыңдап, түсініктерін айтуды үйрету. Мәтінін жаттап әуенді ұғыну, бірге айту әдетін, дыбыс биіктігін келтіріп айтуды қалыптастыру. Ойынды қимылдар арқылы көрсету, жылдамдықты дамыту. Музыка ырғағын сезініп, әдемі билеуге үйрету.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Адам болам десеніз» Мақсаты: «Адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру, адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.
----	------	-------------------------	---	---	---	--	---

III апта	Мен адаммын	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз батырлармыз» Мақсаты: Бір қатармен, шашырап, жұптасып, түрлі қарқында; заттарды аттап; бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру дағдыларын үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз батырлармыз» Мақсаты: Кедергілерден өту арқылы; табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы; түрлі жылдамдықпен - баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин жүгіру. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Менің күн тәртібім» Адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы жалпы түсінік беру. Жүректің қызметімен таныстыру, дұрыс тыныс алуды көрсету	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыстар. «А»дыбысымен және әрпімен таныстыру» Мақсаты: Сөздердің ұзынды, қысқалығын қолмен өлшегіп айыра білуге үйрету. «А» дыбысымен және әрпімен таныстыру.Ауада жазып көрсету. «Гүл» нүкте бойымен сурет салу Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: « Адам табиғаттың ең ғажайып жаратылысы» Мақсаты: Адамның дене мүшелері туралы білім беру. Күн тәртібінің мағынасын түсіндіру. Тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу, меңгерген сөздермен сөйлем құрауға үйрету. Ағылшын тілі Тақырыбы: Дидактикалық ойын: “He and she” Мақсаты: Балаларды өздерін ағылшын тілінде таныстыра білуге үйрету. “He” сөзінің ұл балаға, “she” сөзінің қыз балаға айтылатынын түсіндіру. Балаларды ойын арқылы сөйлетуге дағдыландыру. Тілге деген қызығушылықтарын арттыру. Орыс тілі. Тақырыбы: «Человек-кто он?» Мақсаты: Объяснить детям, что человек-это личность. Научить детей правильно произносить слова на русском языке, обогащать словарь детей лексическим материалом по теме: человек, космос, ракета, земля, космонавт. Объяснить детям, что человек изучает и изменяет себя и окружающий мир, создает культуру и собственный мир. Учить образовывать относительные прилагательные и включать их в предложения. Драма Тақырыбы: «Мақтаншак қоян» ертегісі (киімелі қуыршақ театры) Мақсаты: Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін, мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, кейіпкерлердің іс- әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Кел, ойнайық!». Мақсаты: балаларды заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету; а) балалардың негізгі түстерді ажырата білу қабілетін дамыту; кеңістікте бағдарлау қабілетін күшейтуді, кеңістік қатынастарын (алдында – артында, ортасында) анықтауға үйретуді жалғастыру; баланың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту; б) ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғатпен қалай дос болуға болады?» Мақсаты: Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта мәселелеріне аудару. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: « Сәлеметсіз бе, бұл мен?! » Мақсаты: Адамның дене құрылыстары туралы түсініктерін бекіту. Адамның бейнесін салуға үйрету. Адам бейнесін сала отырып эстетикалық талғамын дамыту. Жинақтылықпен ептілікке үйрету. Аппликация. Тақырыбы: «Қыз қыдырып жүр» Мақсаты: Қайшымен жұмыс істеу икемділіктерін жетілдіру. Қағазбен жұмыс істеуде шығармашылыққа баулу. Геометриялық фигураларды кино және адам бейнесіне келтіріп құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды қос бүктеу тәсілдерімен киноға, бірдей заттың бірнеше пішінін қабаттап қиып алуға, оларды бір-біріне өлшеп, жақсылап орналастырып желімдеуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: « Биші Әйгерім» Мақсаты: балардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; ойыншықтың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу; 1. Музыка Тақырыбы: «Егеменді елім» Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыкалық шығармашылық әрекеттер түріне эмоционалдық қатынасын білдіруге талпындыру.Балаларды Қазақстан Республикасының рәміздерімен және олардың авторларымен таныстыру. Елбасы,Астана туралы мағлұмат беру. 2. Музыка Тақырыбы: «Егеменді елім» Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыкалық шығармашылық әрекеттер түріне эмоционалдық қатынасын білдіруге талпындыру. Балаларды Қазақстан Республикасының рәміздерімен және олардың авторларымен таныстыру. Елбасы, Астана туралы мағлұмат беру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің құқықтарым мен міндеттерім» Мақсаты:балаларды өздерінің құқықтарымен, міндеттерімен таныстыру; балалардың құқықтық жағынан қорғалатыны туралы мәлімет беру; әрбір баланың өз құқығы, өз көзқарасы болатынын санасына жеткізу; Өзін –өзі тану Тақырыбы: Мен қандай баламын? Мақсаты: Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынас жасауға тәрбиелеу.
-----------------	--------------------	---	---	---	--	--

IV анги	Табиғат бұрышы	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуенге шығайық» Мақсаты: Бір орында тұрып, алға қарай 3–4м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуенге шығайық» Мақсаты: Қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3м)орнынан биіктікке секіру; жіптен,сызықтан секіру; оң және сол аяғын кезектестіріп; биіктіктен; 20 см дейінгі биіктіктегі зат үстінен секіру. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуенге шығайық» Мақсаты: Қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3м)орнынан биіктікке секіру; жіптен,сызықтан секіру; оң және сол аяғын кезектестіріп; биіктіктен; 20 см дейінгі биіктіктегі зат үстінен секіру.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыстар. «А»дыбысымен және әрпімен таныстыру» Мақсаты: Сөздердің ұзынды, қысқалығын қолмен өлшетіп айыра білуге үйрету. «А» дыбысымен және әрпімен таныстыру. Ауада жазып көрсету. «Гүл» нүкте бойымен сурет салу Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Күз» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін сезінуге, әңгімелеп айтып бере білуге дағдыландыру, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Іс қимыл әрекетті білдіретін сөздерді (жинады, тазартты) айтуға үйрету. Ауызша сөйлеу тілінде граматикалық категорияларды (байланыстырып әңгіме құрастыруға), оқылған шығарма бойынша үйренген жаңа сөздерді қолдана білуге үйрету. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңін әңгімелету. Ағылшын тілі Тақырыбы: «Seasons» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерінің ағылшын тілінде сипаттап, айларды атай білуге үйрету. [ei] дыбысына фонетикалық талдау жасау. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Түсіну,есте сақтау, логикалық ойлауын дамыту. Зейінді болуға тәрбиелеу. Табиғатқа деген қамқорлыққа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Орыс тілі. Тақырыбы: «Живой уголок» Мақсаты: Ввести в активную речь слова по теме «Живой уголок». Развивать воображение, внимание. Воспитывать заботливое отношение к домашним животным. Обогащать и активизировать словарный запас. Рассматривание иллюстраций, работа по содержанию стихотворения «коза», заучивание, работа в тетради, фонетические упражнения, дидактическая игра «Кто убежал», «Помоги найти маму» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз жомарт» Е.Өтегілеуұлы (жаттау) Мақсаты: Балалардың табиғат жыл мезгілдерімен тығыз байланысты екенін, жылдың төрт мезгілінде табиғат құбылыстырының әр түрлі болатынын, табиғат адамдарға өз сыйын жылдың күз мезгілінде сыйлайтыннын түсіндіру. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықытру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқып жеткізу. Күз байлығы ақдамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Біздің табиғат бұрышымыз» Мақсаты: а) балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру; ә) балалардың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту; б) сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Терезе алдында не өсіп тұр?» Мақсаты: Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мінез-құлық пен «жаңаны танысам» деген құлшыныстарын дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Жаңғақ қабығынан құрастыру» Мақсаты:Балаларды табиғи материалдардан грек жаңғағын пайдалана отырып,бүтін затты құрап өз ойынан шығармашылық танытуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын жақсарту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Қызыл-жасыл жапырақтар» (акварель) Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, көркемдік талғамын қалыптастыру. Кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Бояу түстерін алмастырып отыруға, көңіл-күйге сәй Кес жаттықтыру. Жапырақ тар бейнесін беруде қылқа ламды ыңғайлы қолдануға дағдыландыру. Аппликация Тақырыбы: «Көркем күз» Мақсаты: Балаларға қосымша құралы ретінде түстерді пайдалана білдіру қабілетін дамыту үшін қағаз түстері мен көлеңкелерді үйлестіре таңдау қабілеттерін жетілдіру. Қағаз бетіне көркем композиция жасау мүмкіндігін қалыптастыру Мүсіндеу Тақырыбы: «Көкөністер» (қияр, қызанақ) Мақсаты: Балаларға көкіністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Көкіністердің сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, қияр мен қызанақ мүсінін жасауға үйрету. Мүсіндеу амалдарын бекіту (домалақтау, созу, ширақтау, шымшу 1. Музыка Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Музыканы тыңдап,әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін , орындаушылық қабілеттерін жетілдіру. 2. Музыка Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Музыканы тыңдап,әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін , орындаушылық қабілеттерін жетілдіру.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Менің есімім» Мақсаты: Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру, адамның есімі, оның адамға қандай міндеттер жүктейтіні туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу.
---------	----------------	--	--	--	---	---

Ересектер тобы 2018жыл қазан айы

Өтпелі тақырып: «Өсімдіктер әлемі»

Мақсаты: табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттіліктегі мен өсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту. Тәжірибелік жұмыстар арқылы балалардың табиғатқа деген көзқарасын кеңейту.

Міндеттері:

- алған білімдерін бекіту;
- есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәнерін дамыту;
- балалардың көргендерін өз бетінше айтуға үйрету.

Апта	Тақырып	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері-0,5	Коммуникация-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Сауат ашу негіздері-1 Орыс тілі-1 Ағылшын тілі-1 Драма-0,5	Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Аппликация-1 Музыка-2	Әлеумет-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25
I апта	Гүлдер әлемі	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: "Біз әдемі гүлдерміз" Мақсаты: Лақтыру, қағып алу, домалату: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып қос қолмен қағып алуды үйрету. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: "Біз әдемі гүлдерміз" Мақсаты: Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату; допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алу; 2-2,5 арақашық-тағы нысанаға допты, қапшықты, дәлдеп лактыруды үйрету. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты: балаларды бөлме гүлдері мен және олардың түрлерімен таныстыру. Бөлме гүлдерін күтіп-баптау мақсатында топ бөлмесінде таза ауа сақталып, денсаулыққа пайлады болатындығы туралы білімдерін дамыту	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөз,Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Мақсаты: Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру. «Т» дыбысымен және әрпімен таныстыру. Буындарды оқу: ТА,ТҰ,ТЫ, ТО,ТӘ,қысқа сөздерді оқу: ТАМ,ТАУ,АТА,ТОН. Үсті мен атсыңғы жағы дөңгеленіп келген ұзын және қысқа таяқшаларды салуға үйрету. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Гүлзардағы раушан гүлі» Мақсаты: Гүлдер туралы түсінік беру. Раушан гүлімен және оның қасиеттерімен таныстыру. Балалардың бейнелі ойлауын, зейінін, қиялын дамыту. Эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. Ағылшын тілі Тақырыбы: «Flowers worlds» Мақсаты: Балаларды ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын пиктограмма арқылы қызықтыра отырып, балаларға гүлдер және оның түрлерімен ағылшын тілінде таныстыру. Балаларға фонетикалық жаттығу жасату арқылы оларды ағылшын тілінде айтқызып үйрету. Дала гүлдері мен бөлме өсімдіктерін ажырата білуге дағдыландыру Орыс тілі. Тақырыбы: «Мир цветов:комнатные, садовые, полевые.» Мақсаты: Сформировать представления детей о комнатных, садовых и полевых цветах. Научить детей ухаживать за комнатными цветами. Привить любовь к растениям, развивать творческие способности детей, память, логическое мышление. Рассказать детям о значение живой природы в жизни человека. Драма Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» ертегісі (көлеңке театры) Мақсаты: Көлеңке театры және оған қолданылатын қажетті құралдарды қалай пайдалануын үйрету; сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айтуға, диалогпен сөйлесе білуге дағдыландыру; адамгершілікке, достық қарым-қатынасты бағалай білуге, шығармашылыққа тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Ақ гүлдер, көп гүлдер» Мақсаты: а) сопақша, төртбұрыш (шаршы және тіктөртбұрыш) туралы түсінік беру; заттардың пішінін анықтап, оларды пішінін басқа заттармен салыстыруды үйрету; заттарды түсіне, пішіні мен көлеміне қарай ажырата білу қабілетін қалыптастыру; ә) заттың маңызды белгілерін тауып, саралау және кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту; б) заттарды ұқыпты ұстауға, орнына қоюға, жинақылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?» Мақсаты: Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, оларды тану қабілеттерін дамыту. Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілеттерін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: "Түймедақтар" Мақсаты:Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігін айтып өту. Сурет салуда қылқаламмен бояуды қалай пайдалану керектігін, түстердің қағаз бетіне әдемі, таза, ұқыпты түсуіне қол икемділігін дамыту. Өсімдіктерге деген қамқор сезімін тәрбиелеу. Аппликация Тақырыбы: "Досыма түймедақ гүлін сыйлаймын" Мақсаты:Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігін айтып өту. Гүл пішінін жасауға қатысты тәсілдерді меңгерту арқылы әдемі, таза, ұқыпты аппликациялық жұмыс жасауға үйрету. Өсімдіктерге деген қамқор сезімін тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Түймедақ» Мақсаты:Гүлдер туралы ұғым дарын кеңейту.Дөңгелек және сопақша пішіндерді мүсіндей отырып түймедақ мүсіндеуге үйрету. 1. Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді ажыратуға,әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырату. 2. Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді ажыратуға,әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырату.	Экология негіздері Тақырыбы: «Дәрілік өсімдіктер Мақсаты: өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру. Өсімдіктер туралы білімдерін әрі қарай дамыту. Өсімдіктерді қорғауға деген тіліктерін арттыру; Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің туған күнім» Мақсаты: Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру, туған күн қуанышы туралы түсінік беру, өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

II апта	Орманда не өседі?	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар терейік» Мақсаты: Допты екі қолмен бір-біріне (арақашық-ғы 1,5-2м) басынан асыра лақтыру; допты екі қолмен заттар арасымен жүгіру (арак-ғы 4м); алға қарай жылжып қос қолмен допты лақтырып,қайта қағып алу (арьақашықтығы 4-5м) 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар терейік» Мақсаты: Лақтыру, қағып алу, домалату, нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын үйретуді бекіту. Жалпы дамыту жаттығуын дұрыс орындалуын қадағалау. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар терейік» Мақсаты: Лақтыру, қағып алу, нысанаға допты дәлдеп лақтыруды үйретуді жалғастыру. Қызықты ойындар ойнату	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөз.Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Мақсаты: Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру. «Т» дыбысымен және әрпімен таныстыру. Буындарды оқу: ТА,ТҰ,ТЫ, ТО,ТӨ,қысқа сөздерді оқу: ТАМ,ТАУ,АТА,ТОН. Үсті мен атсыңғы жағы дөңгеленіп келген ұзын және қысқа таяқшаларды салуға үйрету. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Қ.Баянбаев «Жидек» өлені Мақсаты: Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін жетілдіру, өсімдіктер мен шөптердің, гүлдердің жарамды және жарамсыз, улы болатындығын оларды ажыратып білуге үйрету. Өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп айтуға баулу. Өсімдіктерді қорғауға, күтіп-баптауға тәрбиелеу. Ағылшын тілі Тақырыбы: «Mashrooms» Мақсаты: Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беріп, жұмбақ тақпақтар жаттату.Тілге тән дыбыстарға жаттығулар жасау. Тақпақтар жаттау. Фонетикалық дыбыстарды қайталау. Тіл байлықтарын молайту. Жаңа «Mashroom» лексикалық бірлігін үйрету. Орыс тілі. Тақырыбы: «Что растет в лесу: грибы, ягод» Мақсаты: Учить детей различать грибы и ягоды. Совершенствовать умение детей связно рассказывать по теме. Развивать интерес детей познавать окружающий мир. Пополнить словарный запас детей (грибы: сыроежки, маслята, опята; ягоды: малина, клубника, вишня, черешня) Көркем әдебиет Тақырыбы: «Маша мен аю» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Орман аңдары туралы түсініктерін бекіту. Орман қауіпсіздігі туралы мағлұмат беру. Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қиялмен ұштастыра білуге, кейіпкерлерді ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Жидектерді терейік» Мақсаты: а) 1 саны және цифрымен таныстыру; бір затты анықтай алуға үйрету; заттардың белгілерін тауып, оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру; ә) балалардың сөйлеу қабілеті мен зейінін, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту; б) тиянақтылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Мақсаты: Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды (қозықұйрық, томарқұлақ, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлақ, терекқұлақ) және улы түрлері (шыбынжұт, боз арамқұлақ) туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу. Құрастыру Тақырыбы: «Жидектерге арналған себет» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жидектер туралы, соның ішінде орманда өсетін жидектер туралы білімдерін кеңейту. Бүктеу және құрастыру арқылы жидектерге арналған себетті жасау дағдыларын қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: балаларға орман өсімдіктері, соның ішінде саңырауқұлақтар туралы білімдерін кеңейту. Сопакша, жарты шеңбер геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, қағаз бетіне саңырауқұлақты карандашпен салуға үйрету. Аппликация Тақырыбы: « Алаңқайдағы саңырауқұлақтар» (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: балаларға орманда өсетін саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Жарты шеңбер және сопақшадан бүтін бейнені құрастыруға оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Балаларды ұжымдық жұмыс жасауда достыққа тәрбиелеу Мүсіндеу Тақырыбы: «Себеттегі саңырауқұлақтар» Мақсаты: балаларға орманда өсетін саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Есу, дөңгелектеу,үңгу,жалпақтау және қосу әдісдерін пайдалана отырып, себеттегі саңырауқұлақты мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. 1. Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сезімдік ықыласын ,ладтағы дыбыстарын биіктігін есту қабілеттерін жетілдіру. 2. Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сезімдік ықыласын ,ладтағы дыбыстарын биіктігін есту қабілеттерін жетілдіру.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Менің сезімдерім» Мақсаты: Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру, адамның сезімдері туралы түсінік беру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Ш апта	Ағаштар мен бұталар. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Биік, аласа ағаштар» Мақсаты: Еңбектеу және өрмелеу. Биіктігі 40см болатын жіптің астынан қолды еденге тигізбей, жанымен еңбектеу; гимнастикалық орындық үстінде ішпен, арқаға қапшық қойып еңбектеуді үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Биік, аласа ағаштар» Мақсаты: Көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу; гимнастикалық орындық астынан еңбектеуді көрсетіп түсіндіру. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Көшеде жүру тәртібі» Мақсаты: Көшеде өзін қауіпсіз ұстаудың қарапайым ережелері туралы түсінік беру. Төтенше қызметтердің телефондарын білу.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Н» дыбысымен және әрпімен таныстыру Мақсаты: Буындарды оқу: НА,НҰ,НО, НЫ.Қысқа сөз құрау: НАН,НҰР. «Күшік-ті» торкөз бойымен салу. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ақ қайың» Мақсаты: Өсімдіктер, өсімдіктердің түрлері туралы түсінік беру. Елімізде өсетін емдік шөптер мен дәрілік өсімдіктерді таныстыру, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Өсімдіктерді қорғауға, баптауға тәрбиелеу. Ағылшын тілі Тақырыбы: «Trees» Мақсаты: Балаларға ағаштар мен бұталардың түрлері туралы түсіндіре отырып, ағылшын тілінде жаңа лексикаларды үйрету. Қызыл кітапқа енген ағаштар мен өсімдіктер туралы түсіндіру. Балаларды ойын арқылы тілге деген қызығушылықтарын арттыру. Жаңа тақырып бойынша білімдерін кеңейту. Ағаштар мен өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу. Орыс тілі. Тақырыбы: «Формировать представления на русском языке о деревьях и кустарниках, которые занесены в Красную книгу Казахстана» Мақсаты: Расширять словарный запас детей, связную речь (дуб, ольха, береза, клюква, тополь). Воспитывать любовь к окружающей среде, бережное отношение к природе. Расширить знания детей, пополнить словарный запас. Драма Тақырыбы: «Тегін сыйлық» (сахналау) Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік нормаларын қалыптастыру; түрлі эмоцияларды, ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекеттерін қайталап көрсете білуді үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; кейіпкерлердің әрекеттерін сараптап, өздерінің көзқарастарын айта білуге тәрбиелеу.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Не, қайда өседі?» Мақсаты: а) «Заттар жұбы» туралы түсінік беру; заттарды жұптастырып, оларға сипаттама беруді үйрету; жұп заттың санын білдіретін 2 цифрмен таныстыру; 2 цифрын жазуды үйрету; «сан» және «цифр» терминдерін ажырата білуге үйрету; заттарды санау, олардың атаулары мен ретін анықтау, сандарды жазу дағдысын бекіту; ә) логикалық ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту; б) бір-бірінің сөзін тындай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштың бұтадан қандай айырмашылығы бар?» Мақсаты: Ағаш және бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. Өзінің өлкесінде өсетін ағаш, бұта және шөптер туралы түсініктерін нығайту.Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: "Терек бұталары" Мақсаты: Балаларға ағаштар мен теректер оның бұталары туралы түсіндіре келіп, Қызыл кітапқа енген ағаштар туралы түсінік беру. Терек бұталарының сұлбасын қалай сурет арқылы салуын түсіндіру және ағаштардың өзіндік ерекшелігіне байланысты бір-бірінен ажыратуға үйрету. Суретті таза, ұқыпты сала білуге дағдыландыра отырып, тәрбиелеу. Апликация. Тақырыбы: «Түрлі ағаштар» Мақсаты: Балаларға ағаштар мен теректер оның бұталары туралы түсіндіре келіп, Қызыл кітапқа енген ағаштар туралы түсінік беру. Терек бұталарының сұлбасын аппликациясын жасауда түсіндіру және ағаштардың өзіндік ерекшелігіне байланысты бір-бірінен ажыратуға үйрету. Суретті таза, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыра отырып, тәрбиелеу Мүсіндеу Тақырыбы: "Көрікті ағаш" Мақсаты:Қызыл кітапқа енген "Қарағай" , "Емен" ағаштар туралы түсінік беруді жалғастыру. Терек бұталарының сұлбасын қалай мүсіндеу керектігін түсіндіру және ағаштардың өзіндік ерекшелігіне байланысты бір-бірінен ажыратуға үйрету. Мүсіндеуге қол икемділігін дағдыландыра отырып, тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен» Мақсаты:Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінімен айтуға үйрету.Музыканың мазмұнын түсіну,шығармалардың сипатын ажырату және салыстыру. Есту қабілеті мен дауысты жетілдіру. Түрліші сипаттағы музыкаға деген тұрақты ынтаны тәрбиелеу. 2. Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен» Мақсаты:Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінімен айтуға үйрету.Музыканың мазмұнын түсіну,шығармалардың сипатын ажырату және салыстыру. Есту қабілеті мен дауысты жетілдіру. Түрліші сипаттағы музыкаға деген тұрақты ынтаны тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жер біздің ортақ үйіміз» Мақсаты:Жердің барлық тіршілік иесіне ортақ екенін ұғындыру, табиғат туралы түсініктерін дамыту және табиғаттағы қрғаудағы рөлдерін ұғындыру. Табиғатта өзін ұстау, оны қорғау арқылы құрметтеуге тәрбиелеу Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Мен қамқор баламын» Мақсаты: «Қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу, қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

ІҮ апта	Берекелі Алтын күз	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алтын күзде» Мақсаты: Көлбеу басқышқа шығу, доғаның астымен төрттағандап допты басымен итеріп еңбектеу; кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеу; қолды еденге, шеңбердің шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып шеңбердің ішінен өту. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алтын күзде» Мақсаты: Балаларды әр бұрышта шыр айнала бұрылып жүру, саптан бір-бірден жан-жаққа тарау. Аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша шыр айнала бұрылып журу. Заттардың арасынан шашырай 2 минутқа дейін жүгіру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алтын күзде» Мақсаты: Балаларды әр бұрышта шыр айнала бұрылып жүру, саптан бір-бірден жан-жаққа тарау. Аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша шыр айнала бұрылып журу. Заттардың арасынан шашырай 2 минутқа дейін жүгіру.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Н» дыбысымен және әрпімен таныстыру Мақсаты: Буындарды оқу: НА,НҰ,НО, НЫ.Қысқа сөз құрау: НАН,НҰР. «Күшік-ті» торкөз бойымен салу. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күзгі дала» М.Әлімбаев Мақсаты: балаларға табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы түсінік беру, өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға жаттықтыру. Өлеңнің бейнелі тілін сезінуді дамыту, күзгі даланы сипаттау үшін теңеу сөздер таңдауға жаттықтыру. Табиғаттың әдемілігіне сезіне білуге тәрбиелеу. Орыс тілі. Тақырыбы: «Осень-щедрая пора.Хлеб всему голова.» Мақсаты: Расширить словарный запас детей,ознакомить детей основными приметами осени,показать пояснительные конструкции, почему об осени говорят (Золотая осень). Научить детей называть времена года, признаки времен года. Развивать мышление, воображение. Пополнить словарный запас: осень, дождь, ветер, овощи, фрукты. Ағылшын тілі Тақырыбы: «An autumn» Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. «Жомарт күз» тақырыбында әңгімелесе отырып, көкөністер туралы айта отырып, оларды ағылшын тілінде таныстыру. Балалардың ойлау қабілеттерін жетілдіру. Зейінді болуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын астық» Қ.Мүсірепов жаттау Мақсаты: «Алтын астық»өлеңін мазмұнын ашу. Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып,әр шумағын қайталату арқылы жаттықтыру. Астықты орып, жинау науқаны туралы балаларға айттып жеткізу. Еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Еңбекке тәрбиелеу	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Күз кереметтері» Мақсаты: а) 3 саны және цифрымен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машықтандыру; 3 цифрын тану және бейнелеуге үйрету; ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту, б) эстетикалық тәрбие беру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» Балалардың нан өсіру жайлы білімдерін жетілдіру. Ізденістік-танымдық жұмыстарға деген талпынысын күшейту. Нанды қастерлеуге, оны өсіріп, өндіруге атсалысатын адамдардың еңбегіне құрметпен қарай білуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Алтын дән» Мақсаты:Балаларды «дәнді дақылдарды» пайдаланып жұмыс жасауға үйрету, өз ойларынан және педагог әңгімесіне сәйкес белгілі мазмұн бере отырып ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.	Сурет салу Так: «Астық жинау» Мақсаты: Балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып, бидай масақтарын салуды үйрету, өз ойларынан және педагогтың әңгімесіне)сәйкес белгілі мазмұн бере отырып ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Асты қадірлей білуге тәрбиелеу. Аппликация. Тақырыбы: "Тәтті тоқаш" Мақсаты:Балаларға нан туралы оның қайдан келетіні толық туралы түсінік беру. Аппликация жасауда дөңгелек пішінді келтіре отырып, дөңгелектеп кию, желіммен жапсыружы үйрету. Асты құрметтеуге, қадірлей білуге тәрбиелеу. Балалардың қол икемділігін, шығармашылығын одан әрі дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Мүсіндеу Тақырыбы:"Дәмді бауырсақ" Мақсаты:Балаларға "Ас атасы нан" туралы толық түсінік беру. Нан бізге қайдан келді? және қандай еңбекпен келетіні туралы түсіндіріп өту. Балаларға дөңгелек сары түсті ермексаздан дөңгелек пішінге келтіре бауырсақты мүсіндеуге үйрету. Асты қадірлей білуге тәрбиелеу. Балаларды еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Сабантойды тойлаймыз» Мақсаты: Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Әнді музыканың характеріне сәйкес орындау. Әннің мәтініне байланысты сай қимыл жасау Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл-күй сыйлау. Балалардың естіген шығармалары туралы пікірі. 2. Музыка Тақырыбы: «Сабантойды тойлаймыз» Мақсаты: Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Әнді музыканың характеріне сәйкес орындау.Әннің мәтініне байланысты сай қимыл жасау Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл-күй сыйлау. Балалардың естіген шығармалары туралы пікірі.	Өзін –өзі тану Тақырыбы: Мен осындай баламын Мақсаты: Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру, бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.
---------	--------------------	--	--	---	---	---

Ересектер тобы 2018жыл қараша айы

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: балалардың тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту;

Міндеттері:

- жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру;
- табиғатпен тікелей байланысты тәжірбиені игерту;
- қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсіндіру;

Апта	Тақырып	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері-0,5	Коммуникация-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Сауат ашу негіздері-1 Орыс тілі-1 Ағылшын тілі-1 Драма-0,5	Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Апликация-1 Музыка-2	Әлеумет-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25
